

Заңды тұлғалық белгілері жоқ шағын діни топтарды есептік тіркеуді ұйымдастыру туралы.

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 1 наурыздағы N 60/2 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 24 наурызда N 2927 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012 жылғы 20 маусымдағы N 185/7 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012.20.06. N 185/7 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 3-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Заңы 6-2-бабының 2-тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Заңды тұлғалық белгілері жоқ шағын діни топтарды есептік тіркеу жөніндегі қоса беріліп отырған нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) бекітілсін.

2. Қалалар мен аудандардың әкімдері заңды тұлғалық белгілері жоқ шағын діни топтарды есептік тіркеуді Нұсқаулыққа сәйкес ұйымдастырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Жұмабековаға жүктелсін.

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

Павлодар облысы әкімдігінің
2005 жылғы 1 наурыздағы
"Заңды тұлғалық белгілері жоқ
шағын діни топтарды есептік
тіркеуді ұйымдастыру туралы"
N 60 / 2 қаулысымен
бекітілді

Заңды тұлғалық белгілері жоқ шағын діни топтарды есептік тіркеуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық заңды тұлғалық белгілер жоқ шағын діни топтарды (бұдан әрі - шағын діни топтар) есептік тіркеудің тәртібін белгілейді және Павлодар облысының барлық аумағында жұмыс істейді.

2. Шағын діни топтарды есептік тіркеу Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Заңына сәйкес іске асырылады.

3. Тіркеуші органда тіркелуге тиісті шағын діни топтарға заңдық тұлға мәртебесіндегі Қазақстан Республикасының діни бірлестіктерінің бір құрылымы болып саналатын жергілікті діни қауымдастықтар жатқызылады.

4. Шағын діни топтарды есептік тіркеу осы субъектілердің діни қызметті заңды іске асыруларының заңды тәсілі болып табылады және тіркеуші органның журналына шағын діни топ жайында мәліметтер енгізу арқылы іске асырылады.

2. Шағын діни топтарды есептік тіркеу тәртібі

5. Шағын діни топ тіркеуші органда есептік тіркеуден өткен кезден бастап діни қызметін іске асыру құқына ие болады.

6. Қалалар мен аудандар әкімдері аппараттарының діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті органдары шағын діни топтарды есептік тіркеуге алады.

7. Шағын діни топты тіркеуге алу үшін оның басшысы немесе өкілетті тұлға тіркеуші органға мына құжаттарды ұсынады:

1) шағын діни топтың атауы, уағыздалатын діні, орналасқан жері, топ басшысы туралы мәліметтер, кәмелетке толған мүшелерінің саны, ғибадат үйі және оның қызметін іске асыру аумағының шегі көрсетілген есепке алу туралы өтінішті;

2) құрылымына шағын діни топ енген заңдық тұлға мәртебесіндегі діни бірлестік жарғысының көшірмесін.

8. Есептік тіркеу қатаң есептегі арнайы журналға шағын діни топ жайындағы мынадай мазмұндағы мәліметтер енгізу арқылы іске асырылады:

1) тіркеу нөмірі;

2) тіркелу мерзімі;

3) шағын діни топтың атауы;

4) шағын діни топтың мекенжайы;

5) құрылымына тіркелетін шағын діни топ енген діни бірлестіктің атауы;

6) уағыздалатын діні;

7) шағын діни топ басшысының немесе уәкілетті тұлғасының аты-жөні;

8) шағын діни топтың кәмелетке толған мүшелерінің саны;

9) ғибадат үйінің барлығы.

9. Есептік тіркеу құжаттар ұсынылғаннан кейінгі 15 күннен аспайтын мерзімде іске асырылады.

10. Тіркеуші орган тіркеу журналына мәліметтер енгізгеннен соң шағын діни топтың басшысына немесе уәкілетті тұлғаға жергілікті атқарушы органда есепке алынғаны жөнінде тиісті анықтама беріледі.

11. Шағын діни топтағы өзгерістер болған жағдайда тіркеуші орган есепке алу журналына осылар жайында тиісті мәліметтер енгізеді.

12. Шағын діни топтарды есепке алу жөніндегі мәліметтер, сондай-ақ есепке алу журналына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар облыс ішкі саясат департаментіне жіберіледі.

13. Шағын діни топ өз қызметін нақты доғарса немесе әділет органдарында діни бірлестік не діни бірлестік филиалы және өкілділігі ретінде тіркеуден өткен жағдайда жергілікті атқарушы органнан тіркеуден шығарылады.